

2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 86-ө
Өкімі

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына сәйкес жазғы каникул кезеңінде балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан, шығармашылық дамуы және құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға көзделген жергілікті бюджет қаражаты, демеушілік қаражат есебінен қамтамасыз етсін;

2) балаларды сауықтыру ұйымдарын пайдалануға дайындау және қабылдау жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл комиссиясын қалыптастырсын;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қала сыртындағы балаларды сауықтыру ұйымдарының, жыл бойы жұмыс істейтін балаларды сауықтыру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, балаларды сауықтыру ұйымдарын мемлекеттік меншікке қайтару және қалпына келтіру мүмкіндігін қарасын;

4) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен, көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларын сауықтыру демалысын басым тәртіппен тегін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

5) жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанындағы тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырсын;

6) еңбек және демалыс лагерьлерінде, мектеп орманшылығында, абаттандыру және көгалдандыру жасақтарында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырсын;

7) балаларды сауықтыру ұйымдарының өрт қауіпсіздігін, балалардың сауығу демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы кезінде судағы балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі жергілікті атқарушы

органдармен бірлесіп, мыналарды:

1) республиканың өңірлерінде балалар туризмі мен спортты дамытуды қамтамасыз етсін;

2) спорттық-сауықтыру, туристік, спорттық-бұқаралық, бос уақыттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырсын;

3) жазғы каникул кезеңінде туристік және спорттық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

1) балаларды сауықтыру ұйымдарына балаларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етсін;

2) балалардың жарақат алуының алдын алу және жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау жөнінде профилактикалық шараларды көздесін;

3) балалар құқық бұзушылықтарының, қылмыстарының профилактикасы, балалардың панасыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

1) балаларды сауықтыру ұйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

2) балалардың өмірі мен денсаулығының және олардың судағы қауіпсіздігін, балаларды сауықтыру демалысы объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар өткізуді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) балаларды сауықтыру ұйымдарының объектілері мен балаларды сауықтыру ұйымдарында тамақтандырудың ұйымдастырылуын санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етсін;

2) балаларға медициналық қызмет көрсетуге және олардың сауығуына денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі:

1) балаларды сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын дайындау мен өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) республикалық және өңірлік телевизиялық арналарда балаларды сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы арнайы хабарлар циклін және трансляциялауды дайындасын.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 – 2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын жалпы үйлестіруді қамтамасыз етсін және жыл сайын 10 қазанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп берсін.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК